

Еңбегімен Ер атанған ардақты ана



*Жылдан күтіп, тілеп екі айдан дағы,
Ақ тілектің деген екі жайнар бағы,
Қарашаның түнінде сәнді маңғі*

Қазағымның жұлдызы маңдайдағы... - деп Қазақстан халқының ақыны Әсия Беркенова апамыз жырлағандай, даңқты механизатор, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қостанай облысының құрметті азаматы, белгілі ауылшаруашылығы саласының маманы, қазақтың дара қызы Камшат Дönenбаева бүгін де тірі болғанда 75 жасқа толар еді...

«Еңбекшілер күні» қарсаңында №2 ОӘҒК оқу залы бөлімінде Батыр анамыз Камшат Дönenбаеваның 75 жылдығына орай «Еңбегімен Ер атанған ардақты ана» тақырыбында слайд-әңгіме өткізілді. Іс-шараға Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің бастауыш сынып-

тар бөлімінің 3-курс студенттері қатысты. Әңгімеде слайд бойынша Камшат апамыздың өмірімен танысып, түрлі видеороликтер көрсетілді. Видеороликтен оқырмандар Камшат Дönenбаеваның өзі сөйлеген сюжетті тамашалады. Сонымен қатар, қарапайым Камшаттың қалай тракторды үйреніп, механизатор болып осы күнге дейін жеткен жетістіктері, марапаттары жайлы сөз қозғалды. Әрине, тек Камшат апамыз жайлы емес, оның жолдасы Темірбекпен өткен өмірі, ол кісінің жан-жарын қалай қолдап, қолпаштап осы дәрежеге жетуіне бірден - бір себепкер болғанын Ер анамыздың өз аузынан бейнеролик арқылы көріп тамашаланды. Және де ақын Фариза Оңғарсынованың «Біздің Камшат» атты кітабынан үзінділер әңгімеленіп айтылды.

Соңында студенттер Камшат апамызға арналған ақын-жазушылардың өлеңдерін оқып, іс-шарадан өздеріне қаншама мәлімет алып, үлкен бір тебіреніспен әсер алғандарын жеткізді.

Елбасымыз Н.Назарбаев өз жеделхатында: «Бойында қазақ әйеліне тән ақыл мен парасат, еңбекке деген қажыр мен қайрат шебер үйлесім тапқан Камшат Дönenбаеваның есімін, оның атқарған істері мен жарқын дидамын қазақстандықтар әрдайым жадында сақтайды деп сенемін», - дегендей Камшат апамыздың есімі мәңгілік есімізде сақталады дегім келеді.

А.ЫБЫРАЕВА,

№2 ОӘҒК кітапханашысы.